

Қостанай қаласының құрамдас бөлігін қайта атау туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 8 және Қостанай облысы мәслихатының 2020 жылғы 5 ақпандағы № 476 бірлескен қаулысы және шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 ақпанда № 8962 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай қаласының Василий Чекмарев көшесі Орал Мұхамеджанов көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов

Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының төрайымы

Е. Смышляева

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы

С. Ещанов